



аумағы кеңейді. Лигандтар ретінде тек үш валентті үш координацияланған фосфордың моно- және полидентатты туындыларын (фосфиндер, фосфиттер, фосфониттер, үш валентті фосфор қышқылдарының амидтері және т.б.) ғана емес, бір-, екі-, және төрт координацияланған фосфордың көп түрлі туындыларын, полифосфорлық қосылыстарды пайдалану жөнінде де көптеген мәліметтер бар.

1-кестеде гомогенді металлкомплексті катализаторлар құрамында лигандтар ретінде кең қолданыс тапқан кейбір фосфорорганикалық қосылыстар келтірілген [33].

1-кесте

Гомогенді металлкомплексті катализаторлар құрамында лигандтар ретінде кең қолданылатын кейбір фосфорорганикалық қосылыстар

№ р/с	Химиялық аты	Формуласы	Әдебиеттерде кездесетін қысқартылған белгілері
1	2	3	4
1.	Триметилфосфит	$P(OMe)_3$	TMP
2.	Трифенилфосфин	PPh_3	TRP
3.	Бензилметилфенилфосфин	$MeP(CH_2Ph)Ph$	bmpp
4.	Три (2,6-диметоксифенил)-фосфин		ТДМРР
5.	Три(2,4,6-триметоксифенил)-фосфин		ТТМРР